

**«Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
«БЕКІТІЛДІ»
2023 жылғы «41/23» 13 қарашадан
отырыстың хаттамасы**

**«JACComTex»
АВТОКӨЛІКТІ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**«BASEL» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ АҚ
АВТОКӨЛІКТІ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ
№ 10 ҚОСЫМШАСЫ**

Алматы қ., 2023 ж.



«JACKOMTECH» АВТОКӨЛІКТІ
ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«BASEL» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ АҚ
АВТОКӨЛІКТІ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ
№ 10 ҚОСЫМШАСЫ



Сақтандыру қағидалары

Сақтандыру класы:	Автокөлікті ерікті сақтандыру.
Сақтанушы:	Меншік, жалға алу құқығымен сақтандырылған көлік құралының (бұдан әрі – КҚ) иесі болып табылатын, сондай-ақ автокөліктің кепіліне несие берген ұйымның қарыз алушысы болып табылатын жеке немесе заңды тұлға.
Пайда алушы:	1. КҚ-ның ұрлануы, айдап әкетілуі, толық опат болуы/жоғалуы кезінде: 1) Сақтанушы. КҚ несиеге сатып алынған болса: 1) Қарыз/несие шарты бойынша берешек сомасы шегінде КҚ кепіліне несие берген ұйым 2) Қарыз/несие шарты бойынша берешек сомасынан асатын бөлікте Сақтанушы. 2. КҚ-ның бүлінуі кезінде: 1) Дилерлік орталық немесе КҚ пайдалану орнында ол жоқ болған жағдайда – Дилерлік орталық ұсынған Техникалық қызмет көрсету станциясы (бұдан әрі – АрнайыТҚКС).
Сақтандырылушылар:	Сақтанушы заңды тұлға – сенімхат немесе жол қағазы негізіндегі тұлғалар. Сақтанушыдан (жеке тұлғалар үшін), кез келген заңды негізде көлік құралын (бұдан әрі АҚ) пайдалануға жіберілген және көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (КҚИ АҚЖМС) полисінде көрсетілген тұлғалар.
Сақтандыру шектеулері:	Келесі санаттардағы КҚ сақтандыруға қабылданбайды: ✓ Жедел медициналық жәрдем машиналары, фармацевтикалық компаниялардың КҚ-сы және медицина өкілдеріне арналған автокөліктер; ✓ Әскери және/немесе құқық қорғау органдарының пайдалануы үшін арнайы бейімделген немесе арнайы тағайындалған КҚ; ✓ Әуежайдың жабық (жалпы қолжетімсіз) аумағы шегінде пайдаланылатын КҚ; ✓ Спорттық жарыстарға қатысатын, оқу-жаттығу мен тест-драйв мақсаттарына қолданылатын КҚ; ✓ Прокатқа берілетін және/немесе такси режимінде жұмыс істейтін КҚ; ✓ Полисті жасау кезінде Қазақстан Республикасының аумағында тіркелмеген, 5 (бес) жылдан асқан КҚ. Сақтандыру бағдарламасы мыналарды өтемейді: 1) Полис бойынша сақтандырылған КҚ-да кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрін жүзеге асырумен байланысты тасымалданатын тауарлар (жолдағы тауарларды қоса алғанда) үшін залал немесе жауапкершілік; 2) мыналарға арналған КҚ-ның зақымдануы: ✓ нитроглицерин, динамит сияқты жарылу қаупі бар заттарды немесе кез келген басқа ұқсас заттарды тасымалдау. Егер заттардың өздері жарылу қаупін тудырмаса, бірақ жарылу қаупі бар заттардың құрамдас бөлігі болса, олар осы Полиске сәйкес тізімнен шығарылмайды; ✓ КҚ-ны прокатқа беру; 3) КҚ механизмдерінің сақтандыру жағдайы тудырмаған сынуы.
Сақтандыру нысаны:	Сақтанушының/Сақтандырылушының КҚ-сын иеленуге, пайдалануға және/немесе оған билік етуге, сондай-ақ сақтандыру полисінде көрсетілген сақтандыру жағдайы нәтижесінде оның бүліну немесе жоғалу (жойылу) қаупіне байланысты мүлктік мүдделері.
Сақтандыру жағдайы:	Сақтандыру жағдайы деп келесі оқиғалардың («Барлық тәуекел») нәтижесінде КҚ-ның зақымдануы немесе қирауы (толық опат болуы) танылады: 1) жол-көлік оқиғасы; 2) табиғи апаттар, атап айтқанда: құйын (ауа райы жағдайынан туындаған, желдің күші Бофорт шкаласы бойынша 8 балға сай келетін, желдің жылдамдығы 60 км/сағ шамасынан астам болатын ауа массаларының қозғалысы) немесе дауыл, бұршақ, су тасқыны, жер сілкінісі, көшкін, сел тасқынының жүруі; 3) үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері; 4) өрт, жарылыс, өздігінен жану; 5) кез келген сыртқы механикалық немесе физикалық әсер; 6) КҚ-ны айдап кету және ұрлау.
Сақтандыру сомасы, сақтандыру сыйлықақысы және сақтандыру сомасынан тариф:	Сақтандыру сомасы Полисті жасау күніндегі КҚ-ның нақты құны мөлшерінде белгіленеді, алайда бір КҚ бойынша 50 000 000,00 (елу миллион) теңгеден аспайды. Сақтандыру тарифі – Сақтандырушының уәкілетті органының шешімімен класс бойынша тариф шегінде бекітіледі (0,104 % – 16,8939 %). Егер залалдылығы тапқан нетто сыйлықақылардың 70 %-нан асатын болса, Сақтандырушы 6 ай өткеннен кейін сақтандыру тарифін 10 %-ға ұлғайту жағына қарай қайта қарауға құқылы. Талап тариф өзгертілген күннен кейін жаңадан жасалатын сақтандыру шарттарына қолданылады.
Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері:	Полис жасалған күннен бастап 3 (үш) күн ішінде Сақтанушы банктік шотқа немесе Сақтандырушының кассасына қолма-қол ақшамен/қолма-қол ақшасыз біржолғы төлеммен сақтандыру сыйлықақысын төлейді. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы үшін үшінші тұлға төлей алады.
Сақтандыру төлемін төлеу тәртібі мен талаптары:	1. Пайда алушыға нақты залал мөлшерінде, бірақ белгіленген франшизаны ескере отырып, Полисте белгіленген жалпы сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады. 2. Сақтандыру төлемі Сақтанушы «ЖКО» тәуекелі бойынша таңдаған шарттарға байланысты жүзеге асырылады: ✓ жол полициясы органдарының құжаттарымен;

	<ul style="list-style-type: none"> ✓ жол полициясы органдарының құжаттарынсыз, егер залал 1 000 000 (бір миллион) теңгеден аспайтын болса, үшінші тұлғалардың кінәсі болмаған және адамдардың өміріне және денсаулығына зиян келтіру дерегі болмаған жағдайда, КҚ-ны айдап әкету/ұрлау жағдайларынан өзге. 3. Зиянның мөлшері мыналардың негізінде айқындалады: <ul style="list-style-type: none"> ✓ Ақау актісі мен АрнайыТҚКС берген КҚ жөндеуге арналған егжей-тегжейлі шот. 4. Сақтандырушы сақтандыру полисінде көзделген құжаттардың толық пакетін алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандыру төлемін жасау немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. 5. Сақтандыру жағдайын қарау және шешім қабылдау үшін қажет құжаттарды түзету анықталған жағдайда, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін құжаттарды қарау мерзімі оларды түзету мерзіміне тоқтатылады, ол туралы Сақтандырушы Сақтанушыға/Сақтандырылушыға/Пайда алушыға құжаттарды түзету қажеттілігі анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етеді. Сақтандыру төлемін төлеу немесе сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі Сақтандырушыға түзетілген құжаттарды тапсырған күннен бастап қайта жаңартылады. 6. Сақтандыру төлеміне Сақтандырушының өкілі тіркеген, сақтандыру жағдайы нәтижесінде зақымдалған КҚ-ның бүлінген бөлшектері мен шанағының бөлшектерін жөндеу және/немесе айырбастау үшін төленетін өтемақы кіреді, егер де Сақтандырушы зақымдар мен бүлінген бөлшектерді, сондай-ақ КҚ-ның жасырын ақауларын тіркемеген болса, Сақтанушы Сақтандырушының қатысуымен көлік құралын қайта қарауды ұйымдастыруға міндетті. 7. Сақтандыру полисі бойынша Сақтандырушы Пайда алушыға мына жағдайларда өтеуге құқылы: <ul style="list-style-type: none"> ✓ Ұрлау, айдап әкету жағдайында – Полисте көрсетілген Франшизаны шегергендегі жалпы сақтандыру сомасы; ✓ КҚ толық қираған, соның ішінде айдап әкету нәтижесінде толық қираған жағдайда: <ul style="list-style-type: none"> - Полисте көрсетілген франшизаны шегергендегі жалпы сақтандыру сомасы, сондай-ақ Сақтандырушы немесе Сақтандырушы ұсынған бағалаушы айқындаған сатылатын қосалқы бөлшектер мен кәдеге жарату қалдықтарының құны. Өткізуге жарамды қосалқы бөлшектер мен қалдықтардың құнын бағалау туралы есеп Сақтанушының есебінен жүзеге асырылады; - сақтандыру полисінде көрсетілген франшизаны шегеріп тастағандағы жалпы сақтандыру сомасы, Сақтанушы Сақтандырушыға сатуға жарамды қосалқы бөлшектер мен кәдеге жарату қалдықтарын берген жағдайда. Мұндай жағдайда сақтандыру төлемі болмауы және/немесе зақымдануы сақтандыру жағдайына қатысы болмайтын, болмаған (ауыстырылған) бөлшектер мен агрегаттардың құнын шегере отырып, Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында КҚ қабылдау-тапсыру актісі жасалғаннан кейін жүргізіледі. КҚ-ны Сақтандырушыға беру үшін оны жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органда және кеденде тіркеу есебінен шығару қажет. ✓ Сақтандыру полисінің талаптарын және Сақтандыру ережелерін есепке алғанда, айдап әкету нәтижесінде алынған зақымдануларды қоса алғанда ішінара залал келтірілген жағдайда, ақау актісі және АрнайыТҚКС төлеуге арналған егжей-тегжейлі шот негізінде айқындалатын КҚ-ны қалпына келтіру құны. 8. Мұндай шығындар қажет болған немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жасалған болса, Сақтандырушы Сақтанушының КҚ-сын сақтау, сақтандыру жағдайының басталуынан болатын шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында көтерген шығындарын өтейді. 9. КҚ-ның толық опат болуы (конструктивті опат болуы), Сақтандырушы АрнайыТҚКС шотын көрсеткен кезде жөндеудің орынсыздығы анықталса немесе залал сомасы Полис жасалған күні белгіленген КҚ-ның нақты құнының 80 %-на тең немесе одан асатын болса, КҚ жойылған кезде белгіленеді. 10. Кез келген сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі жасалғаннан кейін сақтандыру полисі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда сақтандыру сыйлықақысы қайтарылмайды. 11. Айдап әкету нәтижесіндегі зақымдануларды қоса алғанда, КҚ ішінара зақымдалған жағдайда (КҚ-ның ұрлану, толық опат болу тәуекелдерін қоспағанда) сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін полистің әрекет ету мерзімінің ішінде сақтандыру төлемінің саны мен сомасына қарамастан сақтандыру сомасы қалпына келтірілуі тиіс. 12. Ақау актісінде және төлеуге арналған егжей-тегжейлі шотта анықталған нақты залал 1 000 000 (бір миллион) теңгеге тең немесе одан асатын болса, ал Сақтанушы «Сақтандыру төлемі жол полициясы органдарының «ЖҚО тәуекелі бойынша» құжаттарынсыз жүзеге асырылады» шартын таңдаса және құжаттар ұсынылмаса, Сақтандырушы 1 000 000 (бір миллион) теңгеден аспайтын сақтандыру төлемін жүзеге асыруға құқылы. Залал сомасын қате алдын ала бағалау ауыртпалығы Сақтанушыға/Сақтандырылушыға жүктеледі. 13. Сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залалдарды Сақтанушыға сақтандыру жағдайына кінәлілер болып табылатын үшінші тұлғалар немесе сақтандыру шарты жасалған басқа сақтандырушылар өтеген жағдайларда Сақтандырушы тек сақтандыру төлемінің сомасы мен Сақтанушының үшінші тұлғалардан алған өтемақы сомасы арасындағы айырманы өтейді. Бұл ретте Сақтандырушы үшінші тұлғалар өтеген (орнын толтырған) залалдардың сол бөлігіндегі сақтандыру төлемінің артық төленген сомасын Сақтанушының қайтаруын талап етуге құқылы. 14. Айдап әкеткен/ұрланған КҚ үшін сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының ІІМ органдарының алдын ала тергеу жұмыстары аяқталғаннан кейін айдап әкету/ұрлық фактісінен кейін кемінде 2 (екі) ай өткен соң жүргізіледі. Сақтандырушы айдап әкету/ұрлық үшін сақтандыру төлемін жасағаннан кейін ұрланған КҚ анықталған жағдайда, Сақтанушы алынған сақтандыру төлемін 30 жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға қайтаруға міндетті. Сақтанушы КҚ-дан бас тартқан жағдайда, ол оны Сақтандырушыға беруге міндетті, сондай-ақ оған құжатпен расталған меншік құқығын да береді.
<p>Сақтандырушыны сақтандыру төлемінен босату негіздері:</p>	<p>1. Сақтандыру полисі бойынша мына жағдайлар сақтандыру жағдайы болып саналмайды және өтелмейді:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ КҚ-ның тауарлық түрін жоғалту; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының және/немесе жолаушының сақтандыру жағдайы кезінде КҚ-да болған мүлкіне келтірілген залал; ✓ КҚ-ның табиғи тозуы және коррозиясы; ✓ сақтандыру жағдайының туындауына әкеп соқтырған пайдалану барысындағы механикалық/электрлік ақаулар және (немесе) бұзылулар; ✓ тенттің немесе КҚ жабынының жоғалуы немесе зақымдануы (зауыттық ЛКП/Шынылардың үстіне жапсырылған, корпустағы және шыныдағы/оптикадағы қорғаныш жабындар мен үлдірлер);

	<ul style="list-style-type: none"> ✓ көлік құралының арнайы белгілермен (таңбалармен) белгіленген және (немесе) қоршалған аумақтан (құрылыс алаңдары, сел қауіпі бар аумақтар және т.б.) тыс жерге кіруге немесе тұраққа қоюға тыйым салу туралы ескертуді бұзуы нәтижесінде келтірілген залал, ескертілген тәуекелдер нәтижесінде зақымданған жағдайда; ✓ кез келген бұзылулар, техникалық ақаулар немесе зауыттық ақаулар салдарынан болған сақтандыру полисінде көрсетілген сақтандыру жағдайлары нәтижесінде КҚ-ға келтірілген залалдар; ✓ КҚ-ға өндіруші зауытта көзделмеген қосымша жабдықты орнату, өздігінен орнату нәтижесінде болған өрт салдарынан келтірілген залал; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының КҚ-ға келтірген залалдың құнын анықтауға жұмсалған шығындары; ✓ КҚ-да орналасқан мүліктің сақтандыру оқиғасы кезінде немесе сақтандыру оқиғасынан кейін бірден жоғалуы немесе ұрлануы. <p>2. Егер сақтандыру жағдайы келесі жағдайлардың салдарынан орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден босатылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының техникалық жай-күйі мен жабдығы КҚ-ны пайдалануға тыйым салынатын ақаулар мен талаптар тізбесіне енгізілген техникалық ақауы бар КҚ-ны пайдаланған кезде; ✓ жарамды жүргізуші куәлігі жоқ тұлғаның КҚ-ны жүргізуі; ✓ КҚ-ны алкогольдік, есірткілік немесе ұйтқұмарлық немесе басқа да мас күйдегі тұлғаның басқаруы; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының КҚ-да қауіпті заттар мен тасымалдауға тыйым салынған заттарды тасымалдауы; ✓ КҚ-ны ішінде қалдырылған кілттермен (бірге немесе бөлек) және (немесе) сигнал жүйесін басқару пультімен және/немесе КҚ-ны мемлекеттік тіркеу туралы куәлікпен бірге ұрлау және айдап әкету; ✓ КҚ-ны жарыстарда, бәс тігуде, спорттық іс-шараларда жаттығу, сынақ жүргізу, лизингіге беру немесе жалға алу мақсатында пайдалану кезеңінде болған оқиғалар. <p>3. Сақтандырушының сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан бас тартуына Сақтанушының мына әрекеттері негіз бола алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының Сақтандырушыға сақтандыру полисін жасау кезінде КҚ туралы, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы мен оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді беруі; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының сақтандыру жағдайынан келтірілген залалдарды азайту шараларын қасақана қолданбауы; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау мән-жайларын тергеуге және келтірілген залалдың мөлшерін анықтауға кедергі келтіруі; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы туралы хабарламауы; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының сақтандыру полисінің қолданылу кезеңінде оның техникалық жай-күйін тексеру үшін КҚ-ны беру туралы Сақтандырушының талаптарын орындамауы, сондай-ақ Сақтандырушыға бүлінген КҚ-ға (жөндеуге дейін және/немесе жөндеуден кейін) немесе оның қалдықтарына, не болмаса олар толығымен жойылуы мүмкін болған жағдайларды қоспағанда, зақымдалған бөліктеріне, бөлшектері мен керек-жарақтарына, қосымша жабдыққа немесе олардың қалдықтарына қол жеткізуді қамтамасыз етпеуі; ✓ егер Сақтанушы/Сақтандырылушы сақтандыру оқиғасы болған жерден қашып кетсе; ✓ егер Сақтанушы/Сақтандырылушы/Пайда алушы сақтандыру жағдайының себептерін, сипатын және оның нәтижесімен байланысын анықтау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынбаса немесе көрінеу жалған дәлелдемелерді ұсынса; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының залал келтіруге кінәлі тұлғадан залалдың тиісті өтемін алуы; ✓ Сақтанушы/Сақтандырылушы дәлелді себептермен көрсетілген әрекеттерді жасай алмаған және оны құжаттармен растаған жағдайларды қоспағанда, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушының сақтандыру полисінде белгіленген мерзімде хабардар етпеуі; ✓ заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыста болатын Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының қасақана қылмыс немесе әкімшілік бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері; ✓ осы Бағдарлама шеңберінде Полис талаптарын бұзу; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының, Пайда алушының сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы; ✓ егер сақтандыру төлемін сақтандыру жағдайына кінәлі тұлға немесе қосарланған сақтандыру шарты жасалған Сақтандырушы жүзеге асырған болса, Сақтандырушы оны толық немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы; ✓ Сақтандыру қағидаларында көзделген өзге жағдайларда.
<p>Сақтандыру төлемін төлеу мәселесін қарауға қажет құжаттар:</p>	<p>1. Сақтандыру төлемі туралы мәселені қарау үшін Сақтанушы/Сақтандырылушы сақтандыру жағдайының түріне қарай Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтінішті және мына құжаттарды ұсынуға міндетті:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Полис туралы мәліметті көрсете отырып, сақтандыру жағдайының (оқиғаның) басталуы туралы өтініш; ✓ АҚ-ны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі; ✓ жол-көлік оқиғасы кезінде АҚ-ны басқарған адамның жүргізуші куәлігінің, жеке куәлігінің көшірмесі; ✓ заңды тұлға үшін АҚ-ны заңды негізде басқаруын растайтын құжаттың көшірмесі; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының сақтандыру жағдайы туындаған кездегі шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын растайтын құжаттар (болған жағдайда); ✓ залалдың мөлшерін растау үшін, таңдалған шарттарға байланысты: <ul style="list-style-type: none"> - жауапты тұлғаның қолымен және кәсіпорын мөрімен куәландырылған қажетті жұмыстардың толық тізімін, ауыстырылатын/жөнделетін бөлшектердің, бөліктердің тізімін және олардың құнын қамтитын сақтандыру жағдайы нәтижесінде зақымданған АҚ-ны қалпына келтіру бойынша АрнайыТҚҚС ұсынған АҚ зақымдануы туралы фотосесеп, ақау актісі және төлемге арналған егжей-тегжейлі шот. «Толық опат болу» тәуекелі бойынша жарамды қалдықтарды және олардың құнын анықтайтын келтірілген зиянды бағалау туралы есепті ұсыну; ✓ сақтандыру төлемін алу құқығын растайтын құжаттар (сенімхат, мұрагерлік құқығы туралы куәлік және т.б.); ✓ Сақтанушының келтірілген зиян үшін жауапты тұлғаға қатысты кері талап ету құқығынан төленген сақтандыру сомасы шегінде Сақтандырушыға беруді қамтамасыз ететін құжаттар (ЖКО-ға кінәлі тұлғаның

«Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ
«JACKomTex» автокөлікті ерікті сақтандыру бағдарламасы

		<p>жеке куәлігінің көшірмесі, талап ету құқығын беру туралы өтініш, жауап алу хаттамасы, түсініктемелер және т.б.).</p> <p>Сақтандыру жағдайының түріне байланысты:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ ЖКО жағдайында: ішкі істер органдарының құжаттары: жол қозғалысы ережелерін бұзу туралы хаттама, әкімшілік құқықбұзушылық туралы қаулы, ЖКО сызбасы, жол қозғалысы ережелерін бұзу туралы хаттамаға толықтыру, ЖКО қатысушыларының ішкі істер органдарына берген түсініктемелері, ЖКО қатысушыларының медициналық куәландыру хаттамалары/қорытындылары; заңды күшіне енген сот қаулысы; ЖКО фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалған және материалдар сотқа берілген болса, іс бойынша шешім болып табылатын заңды күшіне енген сот үкімі немесе сот шығарған өзге де іс жүргізу құжаты. Бұл құжаттар «ЖКО» тәуекелі бойынша жол полициясы органдарының құжаттарынсыз» сақтандыру шарты таңдалған жағдайда ұсынылмайды; ✓ табиғи апаттар жағдайында: өртке қарсы бақылау органдарының немесе тергеу органдарының құжаттары (соның ішінде өрт туралы акт, өрттің себептері туралы өрт-техникалық сараптамасының қорытындысы және т.б.); гидрометеорологиялық немесе сейсмологиялық қызметтердің, Төтенше жағдайлар министрлігінің немесе құзыретіне осы жағдайларды тіркеу/тергеу міндеті кіретін басқа да құзыретті органдардың құжаттары; ✓ АК-ны айдап әкету мен ұрлауды қоса алғанда, үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері жағдайында: оқиға фактісі бойынша ішкі істер органдарына берілген арыз, ішкі істер органдарының қылмыстық істі қозғау немесе қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулысы, қылмыстық істің процестік жылжуы туралы қаулылар, алдын ала тергеу аяқталғаннан кейін – қылмыстық істі тоқтата тұру туралы шешім немесе айыптау қорытындысы (үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген залал болса), соттың шешімі (үкімі). Сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау кезінде Сақтандырушы Сақтанушыдан АК-ның айдап әкелінгендер немесе ұрланғандар тізімінде тұрғаны туралы ішкі істер органдарынан анықтама беруін талап етуге құқылы; АК-ны тіркеу туралы барлық құжаттың түпнұсқаларын, АК-ны тіркеу туралы куәлікті немесе АК-ны айдап әкету, ұрлау туралы арыз берілген кезде оны алып қою немесе оның жоқ екені туралы қаулыны (уәкілетті органның мөрімен куәландырылған), АК-ның кілттері мен сигнал беру жүйесі салпыншақтарының барлық жинағын беруін талап етуге құқылы; ✓ өзге де күтпеген оқиғалар кезінде – өртке қарсы және құқық қорғау органдары актілерінің көшірмелері, өрт-техникалық сараптама қорытындылары; оқиға орнын тексеру хаттамасының көшірмесі; сақтандыру жағдайлары ретінде қаралатын оқиғаларды тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын арнайы уәкілетті органдар (комиссиялар) жасаған не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын өзге де құжаттар. <p>2. Оқиғаның орын алу фактісі мен мән-жайларын, оқиғаның орын алуы нәтижесінде келтірілген залалды, растайтын құжаттарды жинау және ұсыну ауыртпалығы Сақтанушыға жүктеледі. Келтірілген зиянға жауапты тұлға талаптар құқығын іске асыру үшін қажет, Сақтандырушының нұсқауы бойынша тәуелсіз бағалаушы толтыратын бағалау туралы есепті жасау шығындарын Сақтандырушы көтереді.</p> <p>3. Құзыретті органдардың құжаттары түпнұсқада немесе осы құжатты берген құзыретті органның жауапты тұлғасының мөрімен және қолымен куәландырылған көшірмелерде ұсынылуы тиіс.</p> <p>4. Мәлімделген сақтандыру жағдайы бойынша құжаттарды қабылдауды Сақтандырушы Сақтанушыға қабылданған құжаттар туралы анықтама беру арқылы жүзеге асырады.</p> <p>5. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаны қарастыру және ол бойынша шешім қабылдау үшін қажетті құжаттардың тізімі мен саны Сақтандырушының қалауы бойынша қысқартыла алады.</p>	
Сақтандыру агенті/брокері туралы ақпарат:		Бағдарламада Полистерді «BASEL» СК» АҚ серіктестері арқылы рәсімдеу қарастырылған.	
Гросс %-бен көрсетілген агент сыйақысының мөлшері:		Сақтандырушының өкілетті органының шешімімен бекітіледі.	
Сақтандыру аумағы:		Қазақстан Республикасы.	
Сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі:		Сақтандыру мерзімі – 12 ай. Полис сақтандыру сыйлықақысы төленген күннен кейінгі күннен бастап күшіне енеді және Полистің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін немесе сақтандыру сомасы таусылғанға дейін, қайсысы бірінші келгеніне байланысты жарамды болады.	
Сақтандыру полисін жасасу формасы:		Полис қағаз түрінде немесе электрондық түрде беріледі.	
Өтініш-сауалнаманы ұсыну формасы:		Өтініш-сауалнаманы қағаз түрінде немесе электрондық түрде беруге болады.	
Автокөлікті тексеру:		Міндетті емес	
Айрықша шарттар:	САҚТАНДЫРУ ТАЛАПТАРЫНЫҢ ПАКЕТІ	<p>1. Сақтандыру бағдарламасы Сақтандырудың екі нұсқасын қарастырады:</p> <p>2. Жарнамалық мақсатта Сақтандыру бағдарламасына ұсынылған сақтандыру шарттарына сәйкес екі атау беріледі:</p>	
		№ 1 нұсқа – «JACKomTex»	№ 2 нұсқа – «JACKomTex Плюс»
	Сақтандырылған тәуекелдер	«Барлық тәуекелдер»	«Барлық тәуекелдер»
	Шартсыз франшиза	КҚ ішінара бүлінген кезде – 3 %; АК толық опат болған (қираған) кезде, сондай-ақ айдап әкету және ұрлық тәуекелдері бойынша – сақтандыру сомасының 10 %-ы;	КҚ ішінара бүлінген кезде – 0,5 %; АК толық опат болған (қираған) кезде, сондай-ақ айдап әкету және ұрлық тәуекелдері бойынша – сақтандыру сомасының 10 %-ы;
	Сақтандыру аумағы	Қазақстан Республикасы	Қазақстан Республикасы
	КҚ жасы	5 жылға дейін	5 жылға дейін
Сақтандыру төлемі (таңдауға қарай)	1) Амортизациялық тозуды есепке алмастан Арнайы ТҚКС (АрнайыТҚКС). 2) «ЖКО» тәуекелі бойынша жол полициясы органдарының құжаттарымен.	1) Амортизациялық тозуды есепке алмастан Арнайы ТҚКС (АрнайыТҚКС). 2) «ЖКО» тәуекелі бойынша жол полициясы органдарының құжаттарынсыз, егер залал 1 000 000	

«Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ
«JACKOMTECH» автокөлікті ерікті сақтандыру бағдарламасы

			теңгеден аспаса және өміріне және денсаулығына зиян келтірілген тұлғалар болмаса.
	Сақтандыру сыйлықақысын төлеу әдісі	Сақтандыру сыйлықақысын төлеуді Сақтанушы жүзеге асырады немесе Сақтанушының пайдасына үшінші тұлға жүзеге асыра алады.	Сақтандыру сыйлықақысын сақтанушы төлейді.
Қосымша талаптар:		<ol style="list-style-type: none"> 1. Сақтанушының бастамасы бойынша Полисті мерзімінен бұрын бұзу Сақтанушының жазбаша өтініші болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. 2. Сақтанушыға қайтарылуы тиіс сыйлықақының бөлігі Сақтандырушыға Полисті бұзу туралы өтініш берген күннен бастап есептеледі. Сақтандыру сыйлықақысын қайтару Полисті бұзу себебін растайтын барлық қажетті құжаттарды бергеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі. 3. Полис жасалғаннан кейін 14 күн ішінде жеке тұлға болып табылатын Сақтанушының бастамасы бойынша бұзылатын жағдайда, Сақтандырушыға Полисті мерзімінен бұрын бұзу туралы өтініш берген күннен бастап сақтандыру сыйлықақысы сомасының 10 %-ын шегеріп, сақтандырудың мерзімі аяқталмаған сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін жеке тұлға болып табылатын Сақтанушыға қайтарады. 4. Полис Сақтанушының бастамасы бойынша бұзылатын болса, Сақтандырушыға Шартты мерзімінен бұрын бұзу туралы өтінішті берген күннен бастап, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысының аяқталмаған сақтандыру мерзімі үшін сақтандыру сыйлықақысының сомасынан 50 %-ы шегерілген бөлігін және сақтандырушы төмендегідей формула бойынша ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысын қайтарады: $ССБ = СС * n/N/2$, мұндағы: ССБ – сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының өлшемі (теңгелей); СС – сақтандыру шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысының өлшемі (теңгелей); n – сақтандыру шартының күшке енген күнінен бастап жүгінген күнді қоса алғанда мерзімінен бұрын тоқтатылған күнге дейінгі мерзім (күнмен); N – сақтандыру шартының жасалған мерзімі (күнмен). 5. Егер жеке тұлға болып табылатын Сақтанушының бастамасы бойынша қарыз шарты бойынша Қарыз берушінің алдындағы міндеттемелерді жеке тұлға болып табылатын Сақтанушының орындауы себебінен қарыз шартына байланысты Полис бұзылған жағдайда, Сақтандырушы алынған сақтандыру сыйлықақысын жеке тұлға болып табылатын Сақтанушыға Полис қолданылған уақытқа және Полисті бұзуға байланысты алынған сақтандыру сыйлықақысының 10 %-нан аспайтын шығындарға тең сақтандыру сыйлықақысының бөлігін шегере отырып қайтарады. 6. Егер Сақтандырушы Сақтанушыға Полис бойынша қандай да бір сақтандыру төлемін жасаған болса немесе Шарт бойынша мәлімделген залал бар болса, онда бұл жағдайда сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушыға қайтарылмайды. <p>Сақтандыру полисінде айтылмағанның бәрі Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ автокөлікті ерікті сақтандыру қағидаларымен және «Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ автокөлікті ерікті сақтандыру қағидаларының № 10 қосымшасымен реттеледі.</p>	